

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1293

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 7-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының

Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы келісімге қол қойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының
Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық
жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы
келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасының арасындағы қарым-қатынастардың негіздері туралы 1993 жылғы 19 қаңтардағы шарттың негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып,

толық теңдік, тату көршілік, өзара тиімділік және халықаралық құқық принциптері негізінде екі жақты экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен кеңейтуге басым маңыз бері отырып,

қолайлы кәсіпкерлік және инвестициялық ахуалды қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы тығыз және жемісті өзара іс-қимылды жолға қоюдың маңыздылығын тани отырып,

екі елдің шаруашылық қызметін жүргізуші субъектілерінің, олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, кәсіпкерлік белсенділігіне, олардың арасындағы іскерлік байланыстардың орнауына және ұзақ мерзімді дамуына мүмкіндік туғызуға тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1 - б а п

Тараптар бұдан әрі Комиссия деп аталатын Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-армян комиссиясын құрады.

Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық қызметін жүргізуші субъектілерінің, олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, сауда, инвестиция және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастығын дамытудың перспективалық бағыттары мен басымдық берілетін салаларын қарау және келісу;

сауда, инвестиция және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да салаларында үкіметаралық және ведомствоаралық шарттардың жобаларын әзірлеу және келісу, сондай-ақ оларды одан әрі жүзеге асырудың мониторингі және осы міндеттерді орындауға байланысты Тараптардың уәкілетті органдарының қызметін үйлестіру;

"дөңгелек үстелдерді", конференцияларды және көрмелерді, сондай-ақ сауда және инвестициялық режимді мемлекеттік реттеу жөніндегі шаралар туралы ақпарат алмасуды қоса алғанда, сауда, инвестиция және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да салаларында екі жақты қатынастарды дамытуға бағытталған басқа да іс-шараларды жүргізу;

сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы екі жақты келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру барысында туындайтын ағымдағы мәселелерді қарау, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа нысандарын зерделеу және іздестіру.

2 - б а п

Тараптар осы Келісімге қол қойылғаннан кейін бір айлық мерзімде Комиссияның ұлттық бөліктерінің тең төрағаларын, мүшелері мен жауапты хатшыларын тағайындайды.

Комиссияның отырыстары жыл сайынғы негізде Астана қаласы мен Ереван қаласында алма-кезек өткізілетін болады. Отырыстардың өтетін күні, күн тәртібі және регламенті Комиссияның тең төрағалары арасында алдын ала келісілетін болады.

Отырыстарды ақпараттық қамтамасыз етуді, материалдарды әзірлеу мен таратуды, басқа да құжат айналымдарын Комиссияның жауапты хатшылары жүзеге асыратын

Комиссия жұмысының негізгі түрі осы Келісімнің 2-бабына сәйкес өткізілетін тұрақты отырыстар, сондай-ақ оның экономикалық ынтымақтастық бағыттары бойынша жұмыс топтарының, оның ішінде:
сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының;
шағын және орта кәсіпкерлік жөніндегі жұмыс тобының өзара консультациялары
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының өзара консультациялары экономикалық даму процесі және Тараптар қабылдайтын нормативтік құжаттар туралы құпия емес ақпараттар алмасу, сондай-ақ олардың сауда мен инвестиция салаларындағы ынтымақтастық перспективаларына ықпал етуін талқылау бағытында, оның ішінде мынадай мәселелер бойынша жүзеге асырылады:
экономиканың нақты секторының, бюджеттік, әлеуметтік және ақша-несие салаларының көрсеткіштерін қоса алғанда, негізгі макроэкономикалық мөлшердің жәй - күйі мен даму тенденциясы;
сыртқы сауда және төлем балансының, шет мемлекеттермен және халықаралық экономикалық ұйымдармен экономикалық ынтымақтастықтың дамуының жай-күйі;
сауда және инвестициялық режимнің нормативтік құқықтық базасы, оның ішінде салық салуды, сыртқы сауданы, қызмет көрсетуді, жүктер мен жолаушылардың транзитін, инвестицияны көтермелеу мен қорғауды тарифтік және тарифтік емес реттеу , тауарларды (көрсетілетін қызметтерді, атқарылатын жұмыстарды) сертификаттау және шаруашылық дауларды қарау тәртібі.

Шағын және орта кәсіпкерлік бойынша жұмыс топтарының өзара консультациялары құпия емес ақпаратты алмасу бағытында жүзеге асырылатын болады және мынадай мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеуді қамтиды:
шағын және орта кәсіпкерлікті нормативтік құқықтық реттеу, кәсіпорындарды жекешелендіру және акцияландыру;
шағын және орта кәсіпкерлікті салықтық және несиелік ынталандырудың іс-шаралары мен тетіктері, жалға алу қатынастары мен қаржылық лизингті дамыту;
шағын және орта кәсіпкерлік кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру

жөнінде семинарлар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізу, іскерлік байланыстарды орнату және дамыту.

6 - б а п

Кезекті отырыстарда қарау үшін Комиссияның жұмыс топтарының анықтамалық және талдау материалдарын, сондай-ақ ықтимал кеңестер мен ұсыныстарды Комиссияның тең төрағалары енгізетін болады.

7 - б а п

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданыста болады. Егер Тараптардың бірде-бірі Келісімнің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, осы Келісімнің қолданысы келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

Астана қаласында 1999 жылғы қыркүйекте әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.